

## Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының XII сессиясының 2013 жылғы 14 наурыздағы N 129 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 сәуірде N 2311 болып тіркелді.

### РҚАО ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. "Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары" осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың құрылышы, көлік және коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 22.06.2023 № 54 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы, облыстық  
мәслихаттың хатшысы

Б. Жұмабеков  
Қарағанды облыстық мәслихатының  
2013 жылғы 14 наурыздағы  
XII сессиясының N 129 шешімімен  
бекітілген

## Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу **ҚАҒИДАЛАРЫ** 1. Жалпы ережелер

1. Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарының қызметтерін үйлестіру, кезекті күзгі-қысқы кезеңде Қарағанды облысының тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешені нысандарының дайындығы мен олардың жылу маусымының өтуі кезеңінде тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешу барысында инспекциялаушы және

қадағалауышы органдарында барлық меншік түріндегі облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешенін ұйымдастыру мақсатында өзірленген.

2. Осы Қағидалар Қарағанды облысының аумағында орындалуға міндettі.
  3. Қарағанды облысының атқарушы билік органдарының, Қарағанды облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және отын-энергетикалық кешені ұйымдарының негізгі міндettтері тұтынушыларды тұрақты жылу, су, электр, газ және отынмен жабдықтауды қамтамасыз ету, энергия тасымалдағыштардың қажетті параметрлерін қолдау және ғимараттарда, олардың белгісі мен энергия тұтынудың төлемдік тәртібін ескере отырып нормативті температуралық режимді қамтамасыз ету.
  4. Жылу маусымына дайындық және оны өткізу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.
- Энергетикалық объектілердің меншік иелері оларды күтіп ұстau және занда көзделген жауапкершілікте аталған объектілердің жай-күйі мен олардың ақаусыз жұмыс істеуі ауыртпалығын көтереді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

5. Қарағанды облысының аумағында жылу маусымына дайындық және оның өтуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Қағидалармен белгіленген тәртіpte, сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімдігінің жыл сайынғы кезекті жылу маусымының өткізілу қорытындысы бойынша шығарылған қаулыларындағы тапсырмалар мен ұсыныстарда мазмұндалған алдағы жылу маусымына тұрғын үй коммуналдық шаруашылық нысандарының дайындығы жөніндегі міндettтерді ескере отырып, жүзеге асырылады.

6. Жылу маусымына дайындық және оны өткізуге байланысты іс-шаралар кешені келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) жылу маусымына дайындық;
- 2) 100 Гкал/сағ дейінгі қазандықтарының жылумен жабдықтау жүйесі мен жұмыс істеп тұрған резервтік отын шаруашылығын сынақтан өткізу (сынақтық жағып көру);
- 3) 100 Гкал/сағ дейінгі автономиялы жылу жүйесі қазандықтарын кезеңдік жағып көру;
- 4) тұрақты жылдыту;
- 5) қыстағы ең жоғары энергетикалық жүктеменің өтуі;
- 6) жылу маусымының аяқталуы және жылдыту кезеңіндегі аралықта ыстық сумен жабдықтауды (ЫСЖ) қамтамасыз ету.

7. Қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарының диспетчерлік қызметтері, барлық меншік түріндегі тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық

кешендеріндегі ұйымдардың өзара іс-әрекеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

8. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, энергетикалық кешендеріндегі кәсіпорындар мен тұтынушылар арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және өзара жасалған келісім шарттарымен анықталады.

9. Ведомствоның қатыстылығы мен меншік формасынан тәуелсіз тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының және отын-энергетикалық кешенінің аралауды кәсіпорындары мен нысандарын уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі мақсаттарда жүзеге асырады:

1) энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындар мен жылу және электр энергиясын тұтынушыларының жұмыстарына энергетикалық қадағалауды жүзеге асыру;

2) қазандықтар, жылу желілері бойынша дайындық пен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының іске асырылуына және олардың күзгі-қысқы кезенде жұмыс істеуіне бақылауды жүзеге асыру;

3) тұрғын үй қорының, әлеуметтік сала және инженерлік инфрақұрылымдар нысандарының күзгі-қысқы кезенде тұрақты жұмыс істеуге дайындығы.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

10. Инженерлік желілердегі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік сала объектілеріндегі зақымданулар мен апартарды жою жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.

11. Инженерлік құрылыштар орналасқан немесе инженерлік коммуникациялар өтетін қоса салынған тұрғын емес үй-жайлардың иелері немесе жалға алушылары бұл үй-жайларды қойма немесе басқа да нысан ретінде пайдалануда оларды тексеру, жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету үшін үйішлік желілерге қызмет көрсететін мамандандырылған ұйымдар өкілдеріне кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі қажет.

12. Барлық тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала нысандар иелері инженерлік қамтамасыз ету жүйелері жұмыстарының технологиялық бұзылулары туралы хабарламалар үшін диспетчерлік және апат қызметінің мекенжайлары мен телефон нөмірлерін көрсете отырып тақташалар рәсімдеу қажет.

Автономды жылдыту жүйесінің (алда – АЖЖ) меншік иесі (иеленуші) тарапынан жылдыту жабдығының тиісінше жұмыс істеуіне жауапты тұлға бекітіледі.

АЖЖ жылдытылатын тұрғын үйлерде жауапты тұлға осы тұрғын үйге қызмет көрсетуші ұйымдардың қызметкерлері арасынан, мұндай ұйымдар болмаған жағдайда үй тұрғындары арасынан тағайындалады.

Өзге де объектілердегі жауапты тұлға АЖЖ жылтырылатын объект иесінің үйым қызметкерлерінен тағайындалады. Егер жауапты тұлғаны бекітпеген жағдайда, үйым басшысы осындай тұлға болып табылады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

13. Жылумен жабдықтаудың сенімділігі бойынша жылуды тұтынушылар екі санатқа бөлінеді: бірінші санатқа жылумен қамтамасыз етудің бұзылуы адам өміріне қауіптілігі немесе едәуір материалдық шығынымен (технологиялық жабдықтың закымдануы, өнімдердің жаппай жарамсыздығы) байланысты тұтынушылар; екінші санатқа – басқа жылуды тұтынушылар жатады.

14. Жылумен жабдықтау көздері тұтынушыларға жылуды берудің сенімділігі бойынша екі санатқа бөлінеді: бірінші санатқа жылу электр орталықтарын (ЖЭО), жеке резервтік жылу көзі жоқ бірінші санат тұтынушыларын қамтамасыз ететін және жылумен жабдықтау жүйесінің жалғыз жылукөзі болып табылатын қазандықтар; екінші санатқа - басқа жылумен жабдықтау көздері жатады.

## **2. Жылу маусымына дайындығын және оның өткізуін бақылау**

15. Қарағанды облысының аумағында орналасқан кәсіпорындардың, үйымдар мен қызметтердің жылу маусымына дайындық және оны өткізу жауапкершілігі олардың ведомстволық қатыстырымы мен меншік формасына қарамастан қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі.

Қалалар мен аудандар әкімдері тараптарынан жыл сайын 31 желтоқсаннан кешіктірмей тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында жетекшілік ететін және үйлестіретін жергілікті атқарушы органдың қызметкерлері ішінен алдағы жылу маусымына дайындық пен АЖЖ тізілімін жүргізуге жауапты тұлғалар бекітіледі.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

16. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыры шеңберінде энергетикалық нысандардың дайындығын, сондай-ақ ұтымды және үнемді өндіріс пен энергиямен жабдықтаушы үйымдардың, тұтынушылардың жылу энергиясын қолдануын бақылауды:

- 1) мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;
- 2) жергілікті атқарушы органдар.

Тұтынушылардың жылу энергиясын қолдануын бақылауды жылумен жабдықтаушы (энергияберуші) үйым нормативті-техникалық құжаттар мен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

17. Қарағанды облысы аумағында жылу маусымына дайындық және оны өткізуін жалпы үйлестіру жылу маусымына дайындық және оны өткізуі ұйымдастыру жөніндегі облыстық жұмыс тобының құрамымен жүзеге асырылады.

Қалалар мен аудандар аумағында жылу маусымына дайындық пен оны өткізуін үйлестіру жылу маусымына дайындық және оны өткізу жөніндегі қалалық және аудандық жұмыс топтарымен жүзеге асырады. Жұмыс тобының құрамы, жұмыс және шешімдерді қабылдау тәртібі жұмыс тобы туралы ережемен анықталады.

18. Ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері жөніндегі атқарушы органға қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары қалалық және аудандық коммуналдық меншіктегі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және әлеуметтік сала нысандары бойынша, сондай-ақ басқаруындағы осы объектілері бар облыстық атқарушы органдары келесі күнтізбелік жылда отынды тұтынудың (лимиттер) шекті жылдық көлемін тапсырады.

### **3. Жылу маусымына дайындық**

19. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік салаларының нысандарын күзгі-қысқы кезеңге уақытында дайындау мақсатында қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу маусымына дайындық жөніндегі іс-шараларды қалыптастырады.

20. Жылу беру маусымына дайындық бойынша іс-шаралар осы Қағидалардың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 11 және 12 қосымшаларына сәйкес үлгіде қалыптастырылады. Қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан 10 қосымшага сәйкес барлық АЖЖ-дің тізілімі жүргізіледі. Жылу маусымына дайындық бойынша бекітілген іс-шаралар және АЖЖ тізілімі ағымдағы жылғы 15 наурызға дейін энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесі жөніндегі атқарушы органға ұсынылады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

21. Жылу беру маусымына дайындық бойынша іс-шараларды орындау бойынша есептер ағымдағы жылдың 1 мамыры мен 1 қазаны аралығында қағаз және электронды түрде осы Қағидалардың 6, 11, 12 қосымшаларына сәйкес үлгілер бойынша облыстың бірыңғай диспетчерлік қызметіне және энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесі жөніндегі атқарушы органға апта сайын сәрсенбі күні ұсынылады:

1) қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан қалалық/аудандық коммуналдық меншікке тиесілі объектілерге қатысты;

2) облыстық атқарушы органдар тараптарынан облыстық коммуналдық меншікке тиесілі объектілерге қатысты.

**Ескеरту. 21-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

22. Қалалар мен аудандар әкімдіктері ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей жылу маусымына дайындық актісі жоқ тұрғын үйлердің мекенжайлыш тізімдерін нақтылайды.

Жылу маусымына дайындық жөніндегі жоспарланған іс-шараларды орындау кезінде мекенжайлыш тізімге орындау себебі, жұмысқа кедергі келтірген кінәлі тұлға мен жұмысты орындаудың жаңа мерзімдері көрсетілген анықтама қоса тіркеліп облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі атқарушы органына жіберіледі.

23. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала нысандарын кезекті жылу маусымына дайындау өткен жылу маусымының өтуі кезінде анықталған ақаулар мен нормативтерден ауытқуларды жүйелендіруден, техникалық жағдайдаң талдамасынан, орнатылған жабдықтарды пайдаланудың деңгейінен және нақты жұмыс режимінен жөндеу көлемдерін нақтылаудан, ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың тізбесін құрудан, жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге арналған тапсырысты рәсімдеуден, мердігер ұйымдармен келісім шарттарды жасаудан басталады.

24. Жылу маусымына дайындық төмендегілерден тұрады:

1) өткен жылу маусымында анықталған кемшіліктерді талдау, анықталған бұзушылықтар мен ақауларды жою бойынша іс-шараларды әзірлеу және орындау;

2) кезекті жылу маусымы жұмысына тұрғын үй қорын, әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандар мен инженерлік инфрақұрылым нысандарын дайындау жөніндегі іс-шараларды бекіту;

3) жөндеу және құрылыш-монтаждау жұмыстарын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу, мердігерлік ұйымдармен келісім шарттар жасау;

4) жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттерінде қажетті жұмыстарды жүргізу, соның ішінде қазандықтарды, тұтікшелерді, құбырларды тексеру;

5) инженерлік желілердегі жұмыстарды орындау соның ішінде қайта жаңартуға, күрделі және ағымдық жөндеулерге, сынақтар өткізу мен ша尤оларға байланысты жылу желілеріне жылуды жіберудің кестесін және гидравликалық жұмыс режимін әзірлеу;

6) ғимараттарды дайындау, инженерлік жүйелердің жабдықтарын алдын алу, жөндеу және ауыстыру бойынша жұмыстар жүргізу;

7) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде алдын алу, жоспарлы және жоспардан тыс жөндеуді орындау;

8) энергия үнемдеу іс-шараларын жүргізу;

9) отын қоймаларын дайындау, резервті отын шаруашылығының инженерлік жабдықтарына, отын дайындау, отын беру және күл қожды шығару жүйелерінде, теміржол және автокөліктіктің кіре беріс жолдарында, өртке қарсы шаруашылықтарда жөндеу жұмыстарын орындау;

10) негізгі және резервтік отынның нормативті қорларын құру, сондай-ақ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарында технологиялық апартар мен дүлей апат салдарын жоюға арналған материалдық-техникалық ресурстардың апатты қорларын құру;

11) қалдықтар мен қоқыстарды жинау, сақтау, шығару, кәдеге жарату жөніндегі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес күл-қожды жинап қою үшін қажетті жағдайларды жасау.

25. Жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттеріндегі жұмыстар келесідей аяқталуы тиіс:

1) ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін – күзгі кезенде жылыту мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін қажеттілер;

2) ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін - қысқы ең жоғарғы жүктеменің өтуі кезеңіндегі жылыту мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін қажеттілер;

Жылумен жабдықтау көздерін қамтамасыз ететін электр, су және газ коммуникацияларын жөндеу мен алдын алу жөніндегі жұмыстар ағымдағы жылдың 25 қыркүйегіне аяқталуы тиіс.

26. Жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жылу желілеріндегі, ғимараттарға кірген жерлері мен үйішлік жүйелердегі жұмыстар 1 қазанға дейін аяқталуы қажет.

27. Жылу желілері келесідей сынақтардан өтуі қажет:

1) гидравликалық сынақтардан (беріктілігі мен тығыздығына) – жылу маусымы аяқталғаннан кейін екі аптадан кешіктірмей және жөндеу жұмыстарын аяқтағаннан кейін;

2) жылулық сынақтардан (жылу тасығыштың ең жоғарғы температурасына) – бес жылда бір рет;

3) гидравликалық сынақтар (гидравликалық жоғалтуларға) мен жылулық сынақтардан (жылулық жоғалтуларға) - бес жылда бір рет.

28. Жылу желілеріндегі барлық сынақ түрлері жеке жүргізіледі, мұндайда жылу желілері және сынақ басшылары мен жеке орындаушылар арасындағы жедел байланыс мүқият бақылануы қамтамасыз етілуі қажет.

29. Жылумен жабдықтау көздерін және жылу желілерінің жоспарлы жөндеуден өтуі, сондай-ақ жылу желілерін сынаудан өткізу электр энергетикасы саласындағы жүйелік

оператормен, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен келісілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

30. Келісуге кестелерді ұсынудың мерзімі:

1) жылумен жабдықтау көздерін жоспарлы жөндеу – ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейін;

2) жылу желілерін жөндеу мен қайта жаңарту – ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін;

3) жылу желілерін жылулық сынақтары (жылу тасығыштың ең жоғарғы температурасына) ағымдағы жылдың 10 сәуіріне дейін;

4) жылу желілерінің гидравликалық сынақтары (төзімділігі мен тығыздығына) жылу маусымының аяғында - ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейін, жылу маусымын жүргізер алдында – ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін.

31. Жылумен жабдықтау көздері мен жылу желілерінде жоспарлы жөндеу кестесі келісілгеннен кейін жылумен жабдықтаушы ұйым апталық мерзім ішінде оларды мұдделі ұйымдарға мәлім етеді, соның ішінде:

1) коммуналдық қызметтерді жеткізушілерге;

2) осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген бірінші санаттағы тұтынушыларға;

3) жол полициясы органдарына;

4) қолданыстағы желілердегі ойымдарға байланысты үйішлік жылумен жабдықтау жүйесі мен жылу желілерін, жылумен жабдықтау көздерін қайта жаңарту бойынша келісілген жобалары бар құрылыш ұйымдарына.

32. Монтаждан, күрделі жөндеуден және қайта жаңартудан кейінгі жылу желілері гидравликалық шаюларға тартылады. Жылу желілерінің учаскелерін гидравликалық шаю, сондай-ақ, апатты-қалпына келтіру жұмыстары орындалғаннан кейін жүргізіледі.

33. Жөндеу және құрылыш ұйымдары жұмыс басталғанша 15 құнтізбелік күн бүрын қолданыстағы жылу көзі жабдықтары немесе жылу желілерінде жылумен жабдықтаушы ұйымның жұмыс өндірісі кестесін келісілуі керек. Егер жұмыстың технологиялық циклы жұмысы ыстық сумен жабдықтауды ажыратудың кезеңінен едәуір уақытты талап етсе, жұмысты ұйымдастыру жобасында тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтаумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін іс-шаралар көзделуі тиіс.

34. Жылу маусымына жылумен жабдықтау көздерінің, орталық жылу пункттерінің, жылумен жабдықтаушы ұйымдардың жылу желілерінің дайындығы ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірілмей жылу маусымына дайындық және оны өткізуі ұйымдастырушы тиісті жұмыс тобымен анықталады.

35. Коммуналдық қызметтерді тұтынушылар ағымдағы жылдың 15 мамырына жылумен жабдықтаушы ұйымдармен жеке жылтыту пункттерінің, ғимараттарға кіретін

жерлері мен үйішлік жүйелердің жылу маусымына дайындығын көрсету кестесімен келіседі. Ғимараттарға кіретін жерлері және үйішлік жүйелерде дайындықтарды жүргізу мерзімдері ыстық сумен жабдықтауды ажырату кезеңімен сәйкес келуі қажет. Келісілген кестелер тиісті деңгейдегі жергілікті атқарушы органдарға көрсетіледі.

36. Жылу маусымына дайындық барысында коммуналдық қызметтерді тұтынушылар тұрғын үй қорында жөндеу және алдын алу жұмыстарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және тиісті нысан бойынша ресімделген көппәтерлі үйлерді жалпы тексеру актісінде көрсетілген ғимараттар мен үйішлік жүйелерді көктемгі тексеру нәтижелерін ескеріп жүргізеді.

37. Жөндеу және алдын алу жұмыстарын орындағаннан кейін жылу тұтыну жүйесін қабылдауды жылумен жабдықтаушы үйым жүзеге асырады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жақты актімен ресімделеді.

Жылумен жабдықтау (энергия беруші) үйымның, нысанның дайындығын тексеру актісін ресімдеусіз жылу тұтыну жүйесін қосуға жол берілмейді.

38. Нысандарды қысқы жағдайда пайдалану дайындығы дайындық актісімен расталып, ресімделеді:

1) әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандар (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы мекемелер) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес 1 қыркүйекке дейін;

2) тұрғын үйлер осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес, жылумен жабдықтаушы үйым нысандарының дайындығын тексеру актісі мен күзгі тексеру нәтижелері бойынша толтырылған көппәтерлі тұрғын үйлер мен ғимараттардың, үйішлік жүйелерінің жалпы тексеріс актісі негізінде 25 қыркүйекке дейін.

Энергия өндіруші және энергия беруші үйымдардың дайындық паспорты Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мерзімде, нысанда және тәртіpte ресімделеді.

Энергия өндіруші үйымдардың, оның ішінде қазандықтар және АЖЖ иелерінің күзгі-қысқы кезеңге дайындық паспортын алуы үшін, үйым басшыларына сараптамалық үйымдардың қорытындысын алу қажет.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 14.03.2024 № 162 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

39. Қазандықтардың, жылу желілерінің, орталық жылу пункттерінің, сору стансаларының, үй жаңа құрылыш орталық жылу және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің, (тұтынушылармен) пайдалануға қабылданбаған және жылумен жабдықтаушы үйымдардың жылу маусымына дайындықтарын құрылыш үйымдары қамтамасыз етеді.

40. Су құбыры желісінен суарналарының ұлғаюына байланысты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарындағы кез-келген жөндеу жұмыстарын

жүргізу барысында жылумен жабдықтаушы ұйымдар күні бұрын (2-3 күн бұрын) бұл жайында сумен жабдықтаушы ұйымдарды хабардар етуі қажет.

#### **4. Жұмыстағы жылумен жабдықтау жүйесі және резервтік отын шаруашылығын сынақтан өткізу (алдын ала жағулар)**

41. Жылу маусымының басталуына 100 Гкал/сағ қазандықтардың және автономиялық жылу жүйелерінің дайындығын тексеру және жасырынған ақауларды анықтау үшін жылумен жабдықтау жүйелерін сынақтан өткізу жүргізіледі.

42. Жылу көздері жабдықтарын қосу және ғимараттарды (үйлерді) қосу келесі тәртіпте жүргізіледі:

Жылу көздері мен ғимараттардың жабдықтарын қосу үшін:

1) бірінші тәулікті:

жылу көздерінде жылтыту жабдықтарының сыйбасын жинақтау, жабдықтарды қайта іске қосу және сынақтан өткізу, бак-аккумуляторларды мүмкінше барынша толтыру, жылу желілерін сумен толтыру және берілетін және қайтарымды құбыр қысымына қою және циркуляцияны орнату бойынша жұмыстар орындалады;

үйішлік жүйelerde арматураның іске қосу жағдайын орнату, таратушы құбырлар мен жылумен жабдықтау жүйелерін сумен толтыру, сенімді бақылау-өлшеу құралдары мен реттегіштерінің болуын тексеру жөнінде жұмыстар жүргізіледі;

2) екінші тәуліктен бастап ғимараттарды қосу жүргізіледі.

43. Магистральді және таратушы жылу желілерін іске қосу және сынақтан өткізу іске қосу-жөндеу бригадасымен жүргізіледі.

Іске қосуға дейін желінің іске қосылатын участкесінің жабдықтарының жарамдылығы тексеріледі, сынау, шаю және қабылдау актілері қаралады.

44. Сынақтан өткізу үрдісінде жылу желілері, жылумен жабдықтау көздері және тұтынушылар бойынша айқындалған ескертулер жылу маусымының басына дейін жойылады.

45. Қалалар мен аудандардағы жылумен жабдықтау жүйесіне сынақты жүргізу туралы ақпарат ағымдағы жылдың 20 қыркүйек, 25 қыркүйек және 1 қазандағы жағдай бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдардан энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі атқарушы органға жолданады.

#### **5. Кезеңдік жағулар**

46. Сыртқы ауа мен ауа райының басқа да қолайсыз факторларының белгіленген орта тәуліктік температурадан төмендігін ескере отырып қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары 100 Гкал/сағ дейінгі қазандықтар және автономиялық жылу жүйелері үшін жылуды жіберуді шектеу және жылумен жабдықтау барысында мерзімдік жағулар жариялауы мүмкін. Сонымен қатар, мерзімдік жағулар режімінде

жылумен жабдықтау жүйесінің уақытша жұмыс кезеңі бес күнтізбелік күннен кем болмауы қажет.

47. Барлық ғимараттарды қосқаннан кейінгі жеті тәулік ішінде коммуналдық қызметтерді тұтынушылар жабдықтың жағдайын тексеру мен үйішлік жүйелердің алғашқы реттеуді жүргізеді. Бұл ретте жылумен жабдықтаушы ұйымдар ғимараттарға кіретін жерлерде есептік гидравликалық параметрлерді қамтамасыз етуі тиіс.

48. Жылумен жабдықтау көздерінің іске қосылуы, сонымен бірге ғимараттарды жылумен жабдықтау жүйелеріне жалғау барысын жедел бақылау үшін құн сайын барлық ғимараттар қосылғанға дейін қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі атқарушы органға тиісті нысан бойынша ақпаратты жолдайды.

49. Кезеңдік жағулар үрдісінде анықталған жылыту барысында жылумен жабдықтау көздерінің, жылу желілерінің және үйішлік жүйелердің жұмысындағы кемшіліктер жылу маусымы басталғанға дейін жойылуды тиіс.

## 6. Жылу маусымы

50. Сыртқы ауа температурасы бес тәулік бойы орта есеппен  $+8^{\circ}\text{C}$  және одан да төмен болғанда немесе сыртқы ауа температурасының күрт төмендеуі туралы болжам болған кезде қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары тараптарынан жылу маусымы жарияланады.

Жылумен жабдықтаушы ұйымдар 1 қыркүйекке дейін жылумен жабдықтау жүйелерін іске қосу кестесін әзірлейді және қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен келісімдейді, коммуналдық қызметті тұтынушыларға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және энергетикалық кешен ұйымдарына жолдайды. Кестеде тұтынушыларды қосудың келесі кезегі сақталуы қажет:

1)білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау нысандары;

2)тұрғын үй ғимараттары, қонақ үйлер, жатақханалар, мәдени және спорт объектілері;

3)әкімшілік ғимараттар, өндірістік кәсіпорындар мен басқа да объектілер.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

51. Энергия, жылу беруші ұйымдар жылумен жабдықтау режимдердің бұзылуарды анықтау және жою, талдау үшін аптасына кемінде екі рет жылумен жабдықтаушы ұйымдармен келісіп, бақылау нұктелеріндегі жылу тасығыштардың параметрлері туралы ақпаратты жылумен жабдықтаушы ұйымға ұсынады.

52. Жылумен жабдықтаушы ұйымдар жылу маусымы басталғаннан кейін бір ай ішінде жылу желілерінде жылу желілерінің және ғимараттарға кіретін жерлерін соңғы

реттеуді жасайды, коммуналдық қызметтерді тұтынушылар – үйшілік жүйелердің соңғы реттеуді жүргізеді.

53. Жылу маусымының өтуі кезінде жылумен жабдықтаушы ұйым келесілерді орындауы қажет:

1) тұтынушыларға есептік гидравликалық және температуралық параметрлермен қамтамасыз етуге. Жылу көзінің есептік температуралық жұмыс кестесінің жоспарлы ауытқуына қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарының келісімімен жол беріледі;

2) жоспардан тыс шектеулер, жылу берілуінің тоқтатылуы немесе ыстық су сапасының нашарлауы туралы қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы атқарушы органдына, коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың кезекші қызметтеріне себептерін, қолданылатын шаралар мен жою мерзімдерін көрсете отырып хабарланады;

3) жылумен жабдықтау көздері мен инженерлік желілердегі апatty жағдайлар кезінде өздерінің өкілдерінің шығуын қамтамасыз етеді;

4) жылу желілері құбырларындағы ақаулар мен закымдануларды жою бойынша жұмыстар қолданыстағы нормативтерге сәйкес мерзімде жүргізіледі;

5) ұйымның балансында тұрған инженерлік желілер мен жабдықтардың техникалық жағдайын бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 53-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.**

54. Жылу маусымының өтуі кезінде энергия беруші ұйымдар:

1) тұрғындардың наразылықтарын қабылдауды ұйымдастыруға және наразылықтардың себептерін анықтау мен жою бойынша шаралар қабылдауға;

3) өз бетінше ойымдарға (жылумен жабдықтаушы ұйымның рұқсатынсыз), диафрагма мен қақпақтарды шешуге немесе бұрғылауға, тіреушелер арқылы суды ағызуға жол бермеуі;

4) барлық қыздырғыш аспаптардың бірқалыпты қыздыруын қамтамасыз етуі;

5) ыстық сумен жабдықтау жүйесінде судың температурасының реттелуін қамтамасыз етуі;

6) ұйым балансында тұрған инженерлік желілердегі технологиялық бұзылуларды оқшаулау мен жою бойынша жедел шаралар қабылдауға және нормативті мерзімдегі тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала нысандарының инженерлік қамтамасыз ету жүйелеріндегі апattар мен ақауларды жоюды іске асыруы;

7) жылумен жабдықтаудың шектелу ұзақтығы мен ажырату себептері туралы тұтынушыларды бұқаралық ақпарат құралдары және үйдің кіре берістеріне хабарламалар арқылы құлақтандыруы;

8) ыстық және сұық су шүмектерінің тығыздығын жүйелі түрде бақылауға, сонымен қатар ақаулар мен ағуларды анықтау мен жою бойынша шаралар қабылдауды;

10) технологиялық бұзылулар кезінде ажырату аймағына кіретін тиісті нысандар мен ведостволық нысандардағы апатты жағдайлар кезінде өз өкілдерінің шығуын қамтамасыз етуі қажет.

## **7. Энергетикалық жүктемелердің қыскы жоғарғы шектен өтуі**

55. Сыртқы ауа  $-15^{\circ}\text{C}$  орташа тәуліктік температурада болғанда қалалар мен аудандар әкімдіктері жылумен жабдықтаудың күшеттілген режимін жариялады, оны жариялағанда:

1) жариялау сызбасы анықталады, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетикалық кешендегі үйымдардағы жауапты жұмыскерлердің және қажет жағдайда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының иелері мен жалға алушыларды тарта отырып тұтынушылардың кезекшілігі белгіленеді.

2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетикалық кешендегі үйымдардың апат бригадалары күшеттілген дайындық жағдайына ауысады, олардың апартты-қалпына келтіру жұмысын жасау үшін жабдықтарды, аспаптарды, материалдар мен қосалқы бөлшектерді жарақтануы тексеріледі.

56. Коммуналдық қызметті тұтынушылармен жылумен жабдықтау жүйесінің жұмысы мен ғимараттарды жылыту жағдайына тұрақты бақылау үйымдастырылады.

57. Жылумен жабдықтаушы үйымдар жылумен жабдықтау көздеріндегі резервтік жабдықтардың жұмысы, негізгі және резервтік отынның бар болуы тексеріледі.

58. Сыртқы ауа  $-26^{\circ}\text{C}$  орташа тәуліктік температурада болғанда қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылумен жабдықтаудың есептелмеген режимін жариялады, оны жариялағанда:

1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетикалық кешендегі үйымдарда басшылық пен инженерлік-техникалық құрамы арасынан тәулік бойғы кезекшілік енгізіледі;

2) қалалар мен аудандар әкімдері жергілікті атқарушы органдар мен апат қызметі қызметкерлерінің тәулік бойғы кезекшілігін үйымдастырады.

## **8. Жылу маусымының аяқталуы және жылу кезеңі аралығында ыстық сұмен жабдықтауды (ЫСЖ) қамтамасыз ету**

59. Сыртқы ауа температуrasesы  $+8^{\circ}\text{C}$  жоғары болғанда бес тәулік ішінде немесе сыртқы ауа температуrasesының кенет жоғарлау туралы болжам кезінде қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарымен жылуды тұрақты берудің аяқталуы және осы Қағидалардың 5-тaraуына сәйкес кезеңдік жағуларға ауысуы жарияланады.

60. Кезеңді жағулар уақытында сыртқы ая +10<sup>o</sup>C жоғары орташа тәуліктік температурада және екі тәулік ішінде жоғары болғанда ғимаратты жылдыту жүйесі ажыратылып, олардың турақты толтырылуын қамтамасыз ететін тірекке қойылуы тиіс.

Орта тәуліктік температура +8°С дейін және одан төмен болғанда екі тәулік ішінде төмендегендегі ғимаратты жылдың жүйелерін қосу бойынша және берілген режимде жылумен жабдықтау көздерінің жұмысын қамтамасыз ету жұмыстары орындалады.

Ашық сызба бойынша жұмыс істейтін жылумен жабдықтау жүйелерінде нормативті және санитарлық нормаларға сәйкес сенімді ыстық сүмен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып, жылу тасығыштың айналымын мейілінше көп қысқарту қажет.

61. Сыртқы ауа  $+10^{\circ}\text{C}$  орташа тәуліктік температурада және үш тәулік ішінде жоғары болғанда немесе сыртқы ауа температурасының күрт жоғарлауы туралы болжам барысында қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу маусымының аяқталғанын жариялады.

62. Жылу маусымының аяқталуы туралы хабарландырудан кейін коммуналдық қызметтерді тұтынушылар жазғы жұмыс режимінде (ыстық сумен жабдықтау) жылумен жабдықтау жүйесін ауыстыру кезінде жарылуларды болдырмау үшін ғимараттардың жылыту жүйесін ажыратады.

63. Жылу кезеңі аралығында жылумен жабдықтаушы үйымдар тұтынушыларды ыстық сүмен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Суарналық нүктеден (шүмектер, араластырғыштар) берілетін су температуrasы санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына жауап беруі тиіс.

64. Жылу желілерін, жылу пункттерін және жылу тұтыну жүйелерін жөндеу 1 маусым мен 1 қыркүйек аралығында бір мезгілде жасалуы керек. Ыстық сумен жабдықтауды тоқтатуға байланысты жөндеудің ұсынылатын мерзімі – 14 күн.

#### 9. Қағидаларды бұзған үшін жауапкершілік

65. Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

								Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидаларына 1-қосымша нысан "Бекітемін" (қала/аудан әкімі) <hr/> (қолы) <hr/> (куні)
--	--	--	--	--	--	--	--	--

(жылу-электр станцияларын, қазандықтарды, АЖЖ,  
жылу желлөрін күрделі жөндеу)

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашкы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң колданысқа енеді) шешімімен.

№	Қала / аудауы	Барлық жыл у көздері, бірлік	оның ішінде:			оның ішінде			жылу желлөрі						Барлық жөндеу жұмыстарының күні, млн.тенге		
			ЖЭО, МАЭС	қазаңдықтар	АЖЖ	ЖӘО, МАЭС	қазаңдықтар	АЖЖ	барлығы, км	магистральдық, км	тоқсандық, км	барлығы, км	жөндеу жұмыстарының күні, млн.тенге	барлығы, км	жөндеу жұмыстарының күні, млн.тенге		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

																	Карағанды облыстық мәслихатының XIII сессияның 017 жылғы 12 желтоқсандағы № 266 шешіміне 2 - қосымша Қарағанды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қагидаларына 2 - қосымша
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

## Су күбыры мен кәріз желілерін

## ж.ж. жылу маусымына дайындау жөніндегі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашкы реңсім жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

ІС-ШАРАЛАР

№	су құбыры желілері (км)		кәріз желілері (км)		Желілер бойынша барлық жөндеу, км	Жөндеу жумысты аралының жалпы күншы (млн. тенге)									
	Кал ауда на тау аты ,	Барлық желілер , км	Жөндеу, км	Барлық желілер , км	Жөндеу, км										
						1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Караганды  
облысындағы  
жылу  
маусымына  
дайындық және  
оны өткізу  
Қағидаларына  
3-қосымша  
нысан

"Бекітемін" (қала/аудан әкімі)

(колы)

—  
(Kyhi)

Электр беру желілері мен қосалқы станцияларды  
ж.ж. жылу маусымына дайындау  
жөніндегі

ІС-ШАРАЛАР

Ескертү. З-қосымша жана редакцияда -  
Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017  
№ 266 (алғашқы реесми жарияланған күннен  
кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа  
енеді) шешімімен.

## *Караганды облысындағы жылу маусымына дайындық және*

оны өткізу Қагидаларына  
4-қосымша  
нысан  
"Бекітемін" (қала/аудан әкімі)  

---

  
(қолы)  

---

  
(куні)

## **ДАЙЫНДЫҚ АКТІСІ БОЙЫНША ҮЙЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАПСЫРУ КЕСТЕСІ**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

<p>ж.ж. жылу маусымына дайындық актісі бойынша әлеуметтік мәдени тұрмыстық нысандарды дайындау мен тапсыру Іс-шаралары</p>	<p>Караганды облысындағы жылу маусымына дайындық және оны откізу Қағидаларына 5-косымша нысан "Бекітемін" (кала/аудан әкімі )</p>
<p>Ескерту. 5-косымша жаңа редакцияда - Караганды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алгашқы реєми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.</p>	<p>(колы)</p>

№	Қа ла/ ау да н ата уы	Білім беру объектілері				Денсаулық объектілері				сақтау				Мәдениет нысандары			
		жылдынатын, оның ішінде				жылдынатын, оның ішінде				жылдынатын, оның ішінде				жылдынатын, оның ішінде			
		Ба рл ығ ы	Ж ЭО	каз ан ды к	А Ж	пес шт ер	Ба рл ығ ы	Ж ЭО	каз ан ды к	А Ж	пес шт ер	кажды кемір көлемі, мың тонна	Ба рл ығ ы	Ж ЭО	каз ан ды к	А Ж	пес шт ер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

## кестенің жалғасы

пe

Қарағанды облысындагы жылу маусымын а дайындық және оны өткізу Қағидаларына 6 - косымша ныса Н "

Бекіт  
емін"  
(қала/  
аудан  
әкімі)

(КОЛЫ  
)

(κύρι)

ж.ж. жылу маусымына тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін (инженерлік желілер, электрлік қосалқы станциялар) дайындау және тапсыру бойынша іс-шаралар

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 22.06.2023 № 54 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

20 \_\_ ж. " \_\_ " жағдай бойынша

20 \_\_ ж. " \_\_ " іс-шараның орындалу жоспары- \_\_\_\_ %

20 \_\_ ж. " \_\_ " іс-шараның орындалу фактісі- \_\_\_\_ %

№	Қала/ аудан атауы	Жылу желілері, км					Су құбыры желілері, км				
		Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%		
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14		

### кестенің жалғасы

Кәріз желілері, км				ЭБЖ, км				КС, бірлік			
Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26

Қарағанды облысындағы  
жылу маусымына дайындық және  
оны өткізу Кағидаларына  
N 7-қосымша

N \_\_\_\_\_ Акт

дайындығы

(нысанның атауы)

жж. күзгі-қысқы кезеңде

Жылумен жабдықтаушы ұйым \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы)

дан N \_\_\_\_\_

Нысанның атауы, (мекенжайы) \_\_\_\_\_

Жүктеме \_\_\_\_\_ Гкал/сағ Нысандар саны \_\_\_\_\_ дана

Элеват.түйіндер саны \_\_\_\_\_ дана. Элеват. Түйіндер саны \_\_\_\_\_ дана

1. Тұщыту \_\_\_\_\_

2. Шаю \_\_\_\_\_

3. Жөндеу \_\_\_\_\_

4. Техникалық құжаттың жағдайы \_\_\_\_\_

5. Жылуды есепке алу аспабының болуы \_\_\_\_\_

6. КҚҚ дайындық жөніндегі басқа да іс-шаралар \_\_\_\_\_

7. Қысқы кезең жұмысына жылу тұтыну жүйесінің жағдайы мен дайындығы  
туралы сарапшы қорытындысы (жылумен жабдықтаушы ұйым уәкілі) \_\_\_\_\_

" " \_\_\_\_\_ ж.

Жылумен жабдықтаушы ұйым

уәкілі \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы, А.Ә.Т.)

Тұтынушы \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы, А.Ә.Т.)

Жылумен жабдықтаушы үйымның

директоры \_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы, А.Ә.Т.)

Актімен таныстым, бір данасын алдым (үйим басшысының лауазымы) (қолы)

(А.Ә.Т.) \_\_\_\_\_

Қарағанды облысындағы  
жылу маусымына дайындық және  
оны өткізу Қагидаларына  
N 8-косымша

**Кысқы кезең жағдайында жұмыс істеуге нысандардың дайындық паспорты**

\_\_\_\_\_ **ж.ж. жылу маусымына әлеуметтік**

**мәдени тұрмыстық нысандардың дайындық**

**АКТІСІ**

қала \_\_\_\_\_ аудан

\_\_\_\_\_ (нысанның атауы)

жылғы N \_\_\_\_\_ "Әлеуметтік мәдени тұрмыстық  
нысандардың дайындығын тексеру бойынша комиссия құру туралы" (аймақ)  
әкімінің өкімі

Құрамындағы өкілдер бар комиссия:

1. Жергілікті атқарушы орган \_\_\_\_\_

(А.Ә.Т., лауазымы)

2. Қызмет көрсетуші \_\_\_\_\_

(кәсіпорынның атауы, А.Ә.Т., лауазымы)

3. Үйим басшысы \_\_\_\_\_

(кәсіпорынның атауы, А.Ә.Т., лауазымы)

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

1. Нысан белгісі: \_\_\_\_\_

2. Салынған жылды \_\_\_\_\_

3. Нысанға сипаттама:

- тозу % \_\_\_\_\_

- қабаты \_\_\_\_\_

- жертөлелердің, нөльдік қабаттың, м<sup>2</sup>, жалпы ауданының болуы \_\_\_\_\_

- нысанның жалпы тиімді ауданы \_\_\_\_\_ (кв. м)

4. Инженерлік жабдықтардың, механизмдердің сипаты (олардың саны)

5. Көздер:

жылумен жабдықтау \_\_\_\_\_

газбен жабдықтау \_\_\_\_\_

электрмен жабдықтау \_\_\_\_\_

Жылу қолданатын жабдықтар мен жылу желілерін дайындау бойынша жұмыстар толық көлемде орындалды, жылыту маусымында жылу энергиясын қабылдауға кәсіпорын дайындалды \_\_\_\_\_

(орындау туралы белгі)

6. Қызмет көрсетуші персоналдың, кәсіпорынның жылу шаруашылығының жағдайына жауапты тұлғаның болуы (бұйрық, хаттама) \_\_\_\_\_

7. Жылу түйінінің жылу сыйбасының болуы \_\_\_\_\_

8. Техникалық қауіпсіздікке нұсқау алу журналының болуы \_\_\_\_\_

9. Қазандықта дәріхананың, өртке қарсы щитінің, нұсқаулықтың болуы

10. От жағушылардың жұмыс кестесі \_\_\_\_\_

11. Қазандықтардың дайындығы (ЖАЖ) \_\_\_\_\_

(орындалған жұмыстардың түрлері)

12. Отын қорының болуы (көлемі) \_\_\_\_\_

13. Қазандықтың дайындық актісінің болуы (ЖАЖ) \_\_\_\_\_

14. Фимараттар мен құрылыштарды жылылау \_\_\_\_\_

15. Шатыр жайларын жылылау, оның ішінде:

- Шатыр асу жайларын жылылау (себулер) \_\_\_\_\_

- құбырларды, желдеткіш қораптары мен камераларды, рүқсат бактерін оқшаулау \_\_\_\_\_

16. Есік ойықтарын жылылау \_\_\_\_\_

17. Терезе ойықтарын жылылау \_\_\_\_\_

18. Энергияның резервтік көздерінің болуы \_\_\_\_\_

Жүктеме \_\_\_\_ Гкал/сағ Нысандар саны \_\_\_\_\_ дана.

Элеват. Түйіндер саны \_\_\_\_ дана. Қабылданған элеват. түйіндер \_\_\_\_ дана.

19. ПТЕ мен ТКЕ білуін тексеру \_\_\_\_\_

20. Тұщыту \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

21. Шаю \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

22. Жөндеу \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

23. Техникалық құжат жағдайы \_\_\_\_\_

24. Жылу энергиясы мен жылу тасығышты есепке алу жағдайы (түрі, күні, есепке алу аспабын орнату) \_\_\_\_\_

Комиссия бекітті \_\_\_\_\_

(күзгі-қысқы кезең жұмысына ұйымның дайындығының орындалысы (орындалмауы) көрсетіледі)

**ҚОРЫТЫНДЫ:** \_\_\_\_\_

(ҚҚҚ жұмысына ұйым дайындалған (дайындалмаған))

Комиссия мүшелерінің қолы:

Жергілікті атқарушы орган өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

Кәсіпорын өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

**ҚОРЫТЫНДЫ**

\_\_\_\_\_ жж.жылу маусымында пайдалануға берілетін жылумен жабдықтау жүйесі (ұйым) мен ғимарат

" \_\_\_\_\_ ж.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

М.О.

Қарағанды облысындағы

жылу маусымына дайындық және

оны өткізу Қағидаларына

N 9-қосымша

Кысқы кезең жағдайында жұмыс істеуге нысандардың дайындық паспорты

жж.жылу маусымына

турғын үйлердің дайындық

**АКТИСІ**

қала \_\_\_\_\_ аудан

(турғын үйдің мекенжайы)

жылғы N \_\_\_\_\_ "Тұрғын үйлердің дайындығын тексеру бойынша комиссия құру туралы" (аймақ) әкімінің өкімі  
Кұрамындағы өкілдер бар комиссия:

1. Жергілікті атқарушы орган \_\_\_\_\_  
(А.Ә.Т., лауазымы)

2. Қызмет көрсетуші \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның атауы, А.Ә.Т., лауазымы)

3. Тұтынушы (ПИК, ЖӨБҚҚ және т.б.) \_\_\_\_\_  
(А.Ә.Т., лауазымы)

4. Салынған жылы \_\_\_\_\_

5. Нысанға сипаттама:

- тозу % \_\_\_\_\_

- кіреберіс \_\_\_\_\_

- жертөлелердің, нөльдік қабаттың,  $m^2$ , жалпы ауданының болуы \_\_\_\_\_

6. Инженерлік жабдықтардың, механизмдердің сипаты (олардың саны)

7. Көздер:

жылумен жабдықтау \_\_\_\_\_

газбен жабдықтау \_\_\_\_\_

электрмен жабдықтау \_\_\_\_\_

Жылу қолданатын жабдықтар мен жылу желілерін дайындау бойынша  
жұмыстар толық көлемде орындалды, жылышту маусымында жылу энергиясын  
қабылдауға кәсіпорын дайындалды \_\_\_\_\_

(орындау туралы белгі)

1. Қызмет көрсетуші персоналдың, кәсіпорынның жылу шаруашылығының  
жағдайына жауапты тұлғаның болуы (бұйрық, хаттама) \_\_\_\_\_

2. Жылу жылу түйінің жылу сыйбасының болуы \_\_\_\_\_

3. Техникалық қауіпсіздік нұсқау берушісі журналының болуы \_\_\_\_\_

4. Қазандықта дәріхананың, өртке қарсы щитінің, нұсқаулықтың болуы \_\_\_\_\_

5. От жағушылардың жұмыс кестесі \_\_\_\_\_

6. Қазандықтардың дайындығы (ЖАЖ) \_\_\_\_\_

(орындалған жұмыстардың түрлері)

7. Отын қорының болуы (көлемі) \_\_\_\_\_

8. Қазандықтың дайындық актісінің болуы (ЖАЖ) \_\_\_\_\_

9. Гимараттар мен құрылыштарды жылышлау \_\_\_\_\_

10. Шатыр жайларын жылылау, оның ішінде:

- Шатыр асу жайларын жылылау (себулер) \_\_\_\_\_
- құбырларды, желдеткіш қораптары мен камераларды, рұқсат бактерін оқшаулау \_\_\_\_\_

11. Есік ойықтарын жылылау \_\_\_\_\_

12. Терезе ойықтарын жылылау \_\_\_\_\_

Жүктеме \_\_\_\_\_ Гкал/сағ Нысандар саны \_\_\_\_\_ дана.

Элеват. Түйіндер саны \_\_\_\_\_ дана. Қабылданған элеват. түйіндер \_\_\_\_\_ дана.

13. ПТЕ мен ТҚЕ білуін тексеру \_\_\_\_\_

14. Тұщыту \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

15. Шаю \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

16. Жөндеу \_\_\_\_\_

(акт N, күні)

17. Техникалық құжат жағдайы \_\_\_\_\_

18. Жылу энергиясы мен жылу тасығышты есепке алу жағдайы (түрі, күні, есепке алу аспабын орнату) \_\_\_\_\_

Комиссия бекітті \_\_\_\_\_

(күзгі-қыскы кезең жұмысына ұйымның дайылдығының орындалысы (орындалмауы) көрсетіледі)

ҚОРЫТЫНДЫ: \_\_\_\_\_

(ҚКК жұмысына ұйым дайындалған (дайындалмаган))

Комиссия мүшелерінің қолы:

Жергілікті атқарушы орган өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

Кәсіпорын өкілі \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

Ұйым басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

ҚОРЫТЫНДЫ

\_\_\_\_\_ жж.жылу маусымында пайдалануға берілетін жылумен жабдықтау жүйесі (ұйым) мен гимарат.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

(қолы) (А.Ә.Т.)

М.О.

**Қарағанды облысындағы**  
**жылу маусымына дайындық және**  
**оны өткізу Қагидаларына**  
**10-қосымша**  
**нысан**

**ж. автономды жылдыту жүйелері тізілімі**

Ескеरту. Қағида 10-қосымшамен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

N	АЖЖ- нің орнала- скан орны (-жеке тұрған; - ғимара- тқа қоса орнала- скан; - ғимара- ттың ішінде )	АЖЖ- нің орнала- скан орны (-жеке тұрған; - ғимара- тқа қоса орнала- скан; - ғимара- ттың ішінде )	Қазанд ықтар саны	Қазанд ықтар маркас ы	Орнату жылы	Атауы үйымд ардың орнала- стыры лған жылыт ылаты н объект іci	Объект інің мақсат ы	Жылы тылат ы н объект інің мекен- жайы	Т.А.Ә.	АЖЖ-н пайдалануға жауапты тұлға		АЖЖ- нің меншік иелері
										лауазы мы	байлан ы с дерект ері (ұялы, жұмыс/ телефо ны)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
						1.						
						2.						

Қарағанды  
облысында  
ғы  
жылу  
маусымына  
дайындық  
және  
оны өткізу  
Қагидалар  
ына  
11 -  
қосымша  
нысан  
"Бекітемін"  
(қала/аудан  
әкімі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(күні)

ж.ж. жылу маусымына жергілікті жылу көздерін тапсыру және жергілікті жылу көздеріне отынды әкелу дайындық бойынша іс-шаралар

Ескеरту. Қагида 11-көсімшамен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданыска енеді) шешімімен; жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 22.06.2023 № 54 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданыска енеді) шешімімен.

20\_\_ ж. "\_\_\_" жағдай бойынша

20\_\_ ж. "\_\_\_" іс-шараның орындалу жоспары- \_\_\_\_ %

20\_\_ ж. "\_\_\_" іс-шараның орындалу фактісі- \_\_\_\_ %

№	Қала/ аудан атауы	Қазандықтар, бірлік				Қазандықтар, млн. теңге			Қазандықтарға көмір түсіру, мың тонна		
		Жоспар	Кезең жоспар ы	Факт	%	Жоспар	Факт	%	Жоспар	Факт	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Қарағанды  
облысында  
ғы  
жылу  
маусымына  
дайындық  
және  
оны өткізу  
Қагидалар  
ына  
1 2 -  
көсімша  
нысан  
"Бекітемін"  
(қала/аудан  
әкімі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(күні)

ж.ж. жылу маусымына түрғын үй объектілерін мен әлеуметтік мәдени тұрмыс нысадарын дайындық және тапсыру бойынша іс-шаралар

Ескерту. Қағида 12-көсімшамен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн откен соң қолданысқа енеді) шешімімен; жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 22.06.2023 № 54 (оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн откен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

20\_\_ж. "\_\_\_\_\_" жағдай бойынша

20\_\_ж. "\_\_\_\_\_" іс-шараның орындалу жоспары-\_\_\_\_%  
 20\_\_ж. "\_\_\_\_\_" іс-шараның орындалу фактісі-\_\_\_\_%

№	Қала/ аудан атауы	Тұрғын үйлер:				Білім беру объектілері:				Денсаулық объектілері:				сақтау			
		Жоспа р	Кезең жоспа ры	Факт	%	Жоспа р	Кезең жоспа ры	Факт	%	Жоспа р	Кезең жоспа ры	Факт	%	Жоспа р	Кезең жоспа ры	Факт	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14				

### кестенің жалғасы

Мәдениет нысандары:				Спорт объектілері:												
Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	Жоспар	Кезең жоспары	Факт	%	
15	16	17	18	19	20	21	22									

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК